

МҰНАЙЛЫ АУДАНЫ
ӘКІМДІГІНІҢ МҰНАЙЛЫ
АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«№2 ЖАЛПЫ БІЛІМ
БЕРУ ОРТА МЕКТЕБІ»

КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«№2 ЖАЛПЫ БІЛІМ
БЕРУ ОРТА МЕКТЕБІ»
МУНАЙЛИНСКОГО РАЙОННОГО
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
АКИМАТА МУНАЙЛИНСКОГО РАЙОНА

БҰЙРЫҚ

02.09.2020 № 153-нб

Қызылтөбе селосы

ПРИКАЗ

Село Кызылтөбе

Алғашқы әскери және технологиялық даярлық пәнінің оқытылуын ұйымдастыру және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің «Бастапқы әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы» 2017 жылғы 12 шілдедегі №347 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығының 77 қосымшасындағы «Алғашқы әскери дайындық» пәнінен типтік оқу бағдарламасы бойынша түсінік хатына және Маңғыстау облысының білім басқармасының 2020 жылғы 26 тамыздағы «Маңғыстау облысы білім беру ұйымдарында алғашқы әскери және технологиялық даярлық пәнінің оқытылуы, мектеп оқушыларының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары студенттерінің әскери-патриоттық тәрбиесін ұйымдастыру және өткізу туралы» №64-нқ бұйрығына және Мұнайлы аудандық әкімдігінің 28.08.2020 жылғы 09 қыркүйектегі Мұнайлы ауданының білім беру ұйымдарында әскерге шақырылғынғы дейінгі және әскерге шақыру жасындағы оқушылардың 2020-2021 оқу жылындағы бастапқы әскери даярлығын өткізу туралы №227-қ қаулысына сәйкес, алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні 2020 жылғы 1 қыркүйектен бастап 10 сынып оқушыларымен 68 сағат, 11 сыныпта 34 сағат болып жүргізілсін. Алғашқы әскери дайындықты жоғары деңгейде қамтамасыз ету және оқушыларды әскери-патриоттық жағынан тәрбиелеу мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. АӨЖТД пәні оқытушы – ұйымдастырушысы Бекжанов Бахытжан бағдарлама талаптарына сәйкес және білім бөлімінің нұсқауларын есепке ала отырып, жаңа оқу жылына аталған сынып оқушыларының алғашқы әскери дайындықты өткізудің апталық жоспары және жеке жұмыс жоспарын 1 қыркүйекке дейін, ал взвод және бөлім командирлерін тағайындау туралы бұйрық жобасы 4 қыркүйекке дейін бекітуге ұсынылсын. Оқу орнының жылдық жоспарына енгізу үшін әскери патриоттық және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі және алғашқы әскери дайындық бойынша оқу материалдық базасын жетілдіру жөніндегі ұсыныстар директордың оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасарына 5 қыркүйекке дейін берілсін. Оқу

материалдық базасын жетілдіру үшін және оның сабақ өткізуге дайын болуы үшін нысандар оқушы бөлімшелеріне бекітілсін, бекіту сызбасы ротa бойынша кезекшінің құжаттар тақтасында болсын.

2. АӘЖТД оқытушы - ұйымдастырушысы әскери дайындық бойынша сабақтарын взвод оқушыларын екі қатарлы сапқа тұрғызудан және әр сабаққа белгіленген қауіпсіздік талаптары білімін тексеруден бастасын.

3. Дене шынықтыру мұғалімі пән сабақтарында оқушылардан саптық дайындық сабағында үйретілген команда мен саптық тәсілдерді дұрыс орындауларын талап етсін. Оқушыларды сапқа тұрғызу және қайта тұрғызу командаларын беру ҚР Қарулы Күштерінің Саптық жарғысына сәйкес, ал снарядтарға жақындау және алшақтауды ҚР Қарулы Күштерінің Дене дайындығы жөніндегі тәлімгерлігіне сәйкес жүзеге асырсын.

4. АӘЖТД оқытушы- ұйымдастырушысы мен дене шынықтыру мұғалімі сабақтар мен сабақ беретін пәндері бойынша сыныптан тыс іс-шаралар өткізу кезінде оқушылардан тәртіпті, белгіленген өзара қарым-қатынас пен сөйлесуді, сондай-ақ ұқыптылықты талап етсін.


5. Оқушылардың әскери-патриоттық тәрбиесімен айналысатын оқу орнының барлық педагогикалық ұжымы әскери қызмет пен Отан қорғауға қажетті қасиеттерін қалыптастырсын. Оқушылардың алғашқы әскери дайындық, дене шынықтыру, медициналық санитарлық дайындық сабақтарында алған білім мен дағдыларын бекітуге әрі нығайтуға көмектессін.

6. Кітапхана меңгерушісі алғашқы әскери дайындық пен әскери-патриоттық тәрбиені қамтамасыз ету үшін 2020-2021 оқу жылына «Сарбаз» газеті мен «Алғашқы әскери дайындық» журналын жаздырып алсын.

7. Бұйрық барлық педагогикалық ұжым мен оқушылар назарына оқу жылының басталуына арналған салтанатты мерекеде жеткізілсін.

Негізі: Өндірістік қажеттілік.

Директор:



М.Ташов